

В статье автор проводит исследование и делает выводы о роли и значении СМИ в построении демократического государства. Опираясь на мировой опыт построения демократического государства, автор проводит сравнительный анализ СМИ США и других государств.

In this article the author made the search and conclusions about the role and the meaning of Mass Media in forming the democratic country. Relying on the practice of USA and other countries in the creating of democratic country, the author made comparative analysis of Mass Media of these countries.

3-бөлім

Раздел 3

Section 3

Замансөз әлемі

Мир публицистики

The world of journalism

С. Медеубек

Қазақ шешенсөзінің бір түрі - қазіргі айтыстағы ақпараттар ақиқаты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

УДК 070

Аңдатпа. Ауызша публицистиканың, яғни шешенсөздің төл жанры - айтыстың ақпараттық тұғыры және ақпараттардың шындығы жөнінде және олардың жанр табиғатын айқындауындағы орны туралы ғылыми тұжырымдар айтылады.

Айтыс. Ақпарат. Ақиқат

Қазіргі қазақ тілінің қолданысында «айт» түбірінен шығатын біршама туынды зат есім бар: айтын, айтым, айтылым, айтаман, айташы, айтқыш, айтымпаз, айтар, айтарман, айтушы, айтынды, айтыс, айтыскер. Осылардың ішінде бізге тиесілі тақырып болып тұрғаны - «айтыс». Әуелі «айт» дегеннің өзі не мағына береді деген сауалға қадари халімізше жауап іздеп көрелік.

«Айт» деген бұйрық райлы етістіктің мағынасы «сөйле» деген бұйрық райлы етістіктің мағынасымен бірдей емес. Айт - көкейіндегі рас пікірді, санадағы шындықты, ақылындағы ақиқатты сыртқа шығар, сөзбен (бейнесөзбен, қимылсөзбен, дыбыссөзбен, шешенсөзбен, көсемсөзбен) жеткіз деген мағына береді. Шындық дәйекті, деректі, дәлелді, фактіні, айғақты талап етеді. Онсыз ақиқат ашылмай қалады. Бізге қажеті әркімнің қара басының қамына айтылатын шындық емес, көптің мүддесіне, халықтың мұратына, елдің мақсатына, бұқараның игілігіне қажетті ақиқат. Сонымен бірге жұрттың бәрі көксеп

жүрген, елдің есінде бұғып жатқан, әркімнің көңілінде тұншыққан шындық сыртқа шықса, ақыл дөңгелегі сол шындық арқылы алға бір мысқал жылжып отырады. Баршаға ортақ бұқаралық ақиқат ашық айтылғанда ғана қоғамдық сана даму сатысына көтеріледі. Демек, ақиқатты айтып отыру - өмірдің өз қажеттілігі, уақыттың төл сұранысы. Ақиқат айтылмаса, өтірік өре түрегеледі, өтірікке жол беру-шындықтың жолына тосқауыл қоюмен бірдей. Әйтсе де шын ақпараттың орнын өтірік ақпарат ешқашан жаба алмайды. Жалған ақпарат жарға жығады. Шындық қаншалықты жалаңаш, жалқы, қорғансыз, нәзік болғанмен, өшпейді, өлмейді. Сол қалпында қалады. Ақындар сол шындықты әсерлі оймен әдіптеп, кестелеп, өрнектеп жеткізеді. Тыңдаушы да неғұрлым шынайы, ықпалды ақиқатқа құштар болады да, естіген сайын жаны рақаттанады, өйткені оның да көкейінде сол шындық бұлқынып сыртқа шыға алмай жатқан болатын.

Қазақ халқы демократиялық құндылықтарды барынша бағалау, сақтау, дамыту, сол дамыған үрдісті ұрпаққа сабақтастырып отыру мәдениетінің биік сатысына көтерілген әрі сана мен тұрмыс өркениетінің жоғары деңгейіне шыққан ұлт ретінде ақиқатты айтып отырудың әдеби мен әдетін қалыптастырған. Сондай әдемі әдеп пен әдет көркемдік деңгейге көтеріліп, өнер болып орныққан. Яғни ақиқатты жұрт алдында көркем сөзбен жеткізу, өзгеге, яғни тыңдаушыға әсем тілмен айту өнерін өмірдің бөлінбес бір бөлшегіне айналдырған. Көркем тілдің қарасөз үлгісінен де күрделендіріп, өлең, жыр тілімен жеткізу машығын жетілдірген. Ол өнер айтыс деп аталады. Айтыстың өзегі - шындықпен суарылған өлең.

Өлең - жалаң буын, жайдақ бунақ, жалаңаш ырғақ, құрғақ ұйқас емес, әуезбен әдіптелген, домбыра үнімен көмкерілген, ақынның айту мәнерімен жымдастырылған, халықтың қолпаштауымен желпіндірілген, бір емес бірнеше шеберлік қосындысынан қорытылған тоғыспалы (синкретті) өнер туындысы. Айтыстағы бас-ты құрал, негізгі қару - осы өлең. Ақиқатты өлеңмен айту үшін адам дүниеге әу баста ақын болып жаралуы керек. «Сөздің патша-сы - өлеңді» қадірлейтін қазақ деген халық шындықты қара сөзбен жеткізуге шебер. Ал енді дәл сол шындық өлеңмен өрілсе, қуана қабылдаған, шымбайына бататын ащы шындық бетіне айтылса, ашуланбаған, айтушыға өлең үшін кешіріммен қараған. Өлеңмен айтылған ақиқат халық жадына тез ұялап, жатталып қалатын болған. Шындықты өлеңмен айту әдеті мен әдеби қалыптаса келе нәтижесінде айтыс өнері өмірге келген. Жеке адам айтқан ақиқат бір басқа да, екі адам жұрт алдында қарама-қарсы отырып, өлеңмен бәйгелесіп, бәсекелесіп, тар-тысып жеткізген шындықтың салмағы мүлдем бөлек. Кім шындықты орынды айтады, шебер жеткізеді, ақиқатты тура айта алады, сол жеңіске жеткен. Ақиқатты кезекпе-кезек айту, бірінен бірі шебер, бірінен-бірі асырып айту, сөйтіп, халықтың рухани сұранысын, ақиқатқа деген шөлін басып жеңіске жету - басты мұрат. Ай-тыс өнерінің негізгі идеясы осы. Бұл - ақынның ғана емес, шындықтың жеңіске жеткені, соны-мен бірге ақынын ардақтаған, өнерді бағалаған, ақиқатты қадірлеген халықтың жеңіске жеткені. Осы жеңіс жолында ақын қарсыласына ай-тар шындықты іздейді, табады, көңіліне тоқып жүреді. Орайы келгенде айтып салады. Айтыс-кер ел алдында екі түрлі шындықты айту үшін шығады. Екі түрлі шындықтың бірі - санадағы шындық. Санадағы шындық тарихтың, уақыттың сан ғасырлық тағдырлы тәжірибелерінен сүзіліп, сұрыпталып барып қорытылған, барлық жұртқа белгілі, әділдік

пен қараулық, махаббат пен ғадауат, бар мен жоқ, аз бен көп, өмір мен өлім, өтірік пен шындық, адам мен табиғат, Алла мен жаратылыс, өткен мен бүгін, бодандық пен азаттық т.б. арасындағы қарым-қатынастарға, байланыстарға қатысты туындаған рас нәрселер. Екінші шындық - болмыстағы, яғни өмірде бар, бұқара «көзімен көріп, қолымен ұстап» жүрген, жалпыға ортақ мәні бар шындықтар, қоғамдағы болып жатқан оқиғаларға қатысты ақиқаттар. Бұл екі шындықтан тайса, ақынның сөзін жұрт қабылдамайды. Әйтеуір ойдан өлең құрастырып айта алатын қабілетін көрсету үшін шыққан ақынды ел мойындамайды. Сондықтан да ақын халықтың алдына ақиқаттарды айту үшін шығады.

Айтыста бүкіл халықтың көкейінде жатқан, баршаның назарын аударып отырған мемлекеттік мәні, әлеуметтік маңызы жоғары шындықтар айтылса, ел ақынды сүйсіне тыңдайды. Мысалы, Қазақстандағы биік билікте болған Рахат Әлиев елден қудаланып, қазір шетелде қашып жүр. Оның Отанына жасаған опасыздығы үшін сол Отанда өмір сүріп жатқан халықтың көзінше жазасын тартуы - әділеттілік болар еді. Осы әділеттілікті жұрт асыға күтеді. Мұны ақындар да тілейді. Ақын мен халықтың көкейі бір жер-де тоғысқанда айтыстың да, айтыста айтылған шындықтың да мәртебесі көтеріледі. Мұны біз жас ақындар - Жандарбек Бұлғақов пен Айбек Қалиевтың айтысы кезінде көрдік.

Жандарбек айтады:

Жалынды жас баладан төзім ізде, Ақыры жұп қылыпты сені бізге. **Сараның** сен күйеуін шығардың ғой, Жерде қалып жатқан жоқ сөзіңіз де. **Күміскүлдің** күйеуін шығарғанда, Риза боп қалыпты өзіңізге. Енді сізге айтайын бір ұсыныс, Шаппа-шап айтысатын кезімізде. Күйеулерді көрсеткіш Қалиев-оу, **Әлиевті** көрсетші көзімізге...

Жандарбек айтып отырған Сара мен Күміскүл - айтыста бәйге алып жүрген, Айбекпен осы айтыс кезінде жұп болған ақындар. Ай-бек әзіл үшін сол ақын қыздардың күйеулерін халыққа таныстырған. Әрине, халық үшін бұл шындықтар да керек еді. Ақын қыздардың ар-тында отағалары жанкүйер болып жүргені, шындығында, құрметтеуге тұрарлық. Ал енді айтыс үстінде қыз бен жігіт болып айтысып жатқан кезде қыз басы бос адамша еркінсіп кеткенде, қарсыласы оның күйеуі бар екенін ел алдында әшкерелеп тастау арқылы сүріндірмек болады. Мұнда да шындықты жасырған мен сол шындықты ашып жария еткен екі ақынның арасалмағы бағаланады, таразыға түседі. Халық қанша шешен, ділмар, айтқыш болса да, ақи-қатты

жасырған ақынды кешіре алмайды. Айбектің бұл тапқырлығын Жандарбек әрі қарай іліп әкетіп, айтыстың саяси мәнін үстемелемек болады. Яғни

сап, Отанын тастап, шетелде ойкастап жүрген Рахат Әлиевті алып келіп, ел алдына шығаршы» дейді. Жандарбектің бұл ойы Қазақстан Респуб-ликасы билігінің де көкейінде тұрған өзекті мәселе. Өйткені билік те халықтың алдында шындықтың салтанат құрғанына мүдделі.

Айбек оған былай деп жауап айтып, ойын басқа шындыққа қарай бұрады:

- Мен түгіл сол күйеуге қолы жетпей Елбасы да бармағын тістеп отыр. Сен жаңа Ренатқа «дат айт» деп ең, Сол датты үкіметке өзін айтшы... Айтыстың үкіметке сесі болсын... »

Көрдіңіз бе, ақиқатты айтуға келгенде ақын-дар ешкімнен именбейді. Өйткені баршаға ортақ шындық, көпшілікке қажетті шындық айтыл-са, кім де болса сөзге тоқтайды. Осыны дұрыс түсінетін сұңғыла ақындар билікке қандай шындық айтар екен, назар аударалық. Жандар-бек сонда сөйлейді:

Абылайхан не деген ақылды адам, **Бұқардың** сөзін тындап мақұлдаған. **Тезектерге** тепсініп тік сөйлеген, **Сүйінбайдың** таңдайы тақылдаған. **Баймағамбетке** дат айтқан **Шернияз** да Кәдімгі алау от ед лапылдаған. **Ай-ағаң** «дат айтшы» деп қолқа салды, Мен болайын ол сөзді мақұлдаған. **«Нұр-ағаңның** жетер, - деп құлағына»,

Ендеше датын айтсын ақын балаң:

- Айналайын, **Нұр аға**, Еліміздің ағасы, алтын тонның жағасы, танысыз ба Сіз бізді? Мұның айтқан Алаштың біз қазақтың баласы. «Ақындар айтып жатыр» деп, бізге де бір карашы. Айналайын, Нұр-аға, Шапыраштыдан шыққан **Сүйінбай** Арғы атаңнан болмап па ед? **Қатағанмен** айтысып, Қырғызға да бармап па ед? **Жамбыл** да сіздің атаңыз, Ел бата берген «саңлақ» деп. Ұрпағы болсаң солардың, Айтарым сізге мол, аға, Өлтірмейік өнерді. Басыңнан ұшқан бақ құсы, қайта айналып қона ма? Өзіңіз назар салыңыз, Мұқият назар салыңыз, Өзіңіз қолға алыңыз, Өзірге серік боп жүрген уәзірге сеніп бола ма? Сүйінбай сүрлеу сап кеткен Жамбылдардан қап кеткен Атаңнан қалған айтысты апарып тықпа молаға...

Әдебиеттану теориясымен айтсақ, ақын бұл жерде шендестіру, яғни бір шындық пен екінші

«сен күйеулерді ел алдына шығарғыш екенсің, мықты болсаң елге ойран

шындықты қатар қойып, салыстыра отырып ой айту тәсілін қолданған. Кешегі та-рихта болған Хандар мен билік иелеріне ақиқат айтқан ақындардың үлгі-өнегесін көлденең тар-та отырып, айтар ойын ашық, нақты айтады. Рас өз елі тұрмақ, сырт ел патшалары айбынынан қаймыққан Абылайға «Ей, Абылай, мен айтпа-сам білмейсің» деп тепсіне сөйлеген Бұқар жы-рау Қалқаманұлының ханға қасқая қарап тұрып ақиқат айтқаны да тарихи шындық; кешегі Сүйінбай сынды ақиық ақынның да хан тұқымы Тезек төреге «Ассалаумағалайкум, Тезек төре, елден жылқы ұрлаған кезеп төре» деп шындықты шығғырып бетіне басқаны да тарихи хақ оқиға; Баймағамбет сұлтанды көзінше мақтап та, жа-мандап та тура айтқан Шернияз ақиқаты да та-лай ұрпақтың көкейінен орын алғанын да ешкім жоққа шығара алмайды. Ақиқатты ашық айтқаны үшін солардың ешқайсысы да билік тарапынан жазаланбаған. Қайта биліктегілер солардың сөзіне құлақ түрген, ден қойған, қорытынды шығарған. Міне, сол ақындардың ақиқатын алға тарта отырып, бүгінгі Жандарбек ақын да ақындық дәстүр бойынша солардың үлгісімен өз заманының Патшасына, ең биік лауазым иесіне, яғни сүйікті Президентіне халықтың алдына шығып ақиқатты айтып отыр. Ол ақиқат не ту-ралы еді?

Осы айтыс болып жатқан уақытқа дейін жарты жылға жуық айтыс өткізу билік тарапы-нан нажария тоқтатылған болатын. Бұл шындық еді. Не сахнадан, не экраннан жаңа айтысты ел көре алмай, «неге тоқтатылды?» деп елеңдеген. Сол ақиқатты алға тарта отырып, ақын тағы бір шындықты ел құлағына сала кетеді. Ол ақиқат - кешегі «айтыс өнерінің алтын дінгегі - Сүйінбайдың» (М.О. Әуезов) да, жүз жыл жырлаған жүрек иесі Жамбылдың да Нұрсұлтан Назарбаев шыққан Шапырашты руынан екендігі. Сондықтан да ақын «Атаңнан қалған айтысты апарып тықпа молаға» деп отыр. Бұл айтындағы «атаңнан қалған айтыс» деген тіркесті «қазақтан мұра боп қалған айтыс» деп те; «шапырашты-дан мирас боп қалған айтыс» деп те, «Сүйінбай мен Жамбылдан қалған айтыс» деп те түсінуге болады. Қалай түсінсең де айтылған сөз атылған оқтай нысанаға дәл барып тұр. Ақын сөзінің қуаты артып тұр. Қуатын арттырған нәрсе айтылған ақиқатта жатыр.

Қазақстандағы айтыстың бұрынғыға қарағанда жаңа буындар тарапынан толығып, одан сай-ын алға жылжып отырғанының үлкен ақиқаты бар. Ол - тәуелсіз Қазақстанда демократиялық

құндылықтардың құрметтелуі. Халықтық бастамашылдықтың билік тарапынан қолдау тауып отыратындығы. Кім, қашан, қай жерде, қалай ай-там десе де ешбір тосқауылдың қойылмауы. Бұл қазақ халқының дәстүрлі өнері - айтыстың дамуына,

басқаша айтқанда, астарында тек ақиқат ай-тылатын айтыстың да, айтыс арқылы жария бола-тын ақиқаттың да салтанат құруына мүмкіндіктің берілуі - замансөздің бір тармағы - шешенсөздің жасампаздығына даңғыл жол ашып отыр.

Статья посвящена исследованию феномена айтыса как жанра устной казахской публицистики. Автор рассматривает фактическую основу данного вида фольклорного и публицистического творчества, описывает, как через песенные состязания пишется жизнь народа. К айтыскерам всегда прислушивались сильные мира сего, потому что именно в словах акына озвучивались все новости степи. Также автор оценивает уровень истины и импровизации как главные особенности айтыса.

The article is devoted to research of the phenomenon of aitys as a genre of oral Kazakh journalism. The author examines the factual basis of this type of folklore and journalistic creativity, passes through both the song contest are written the life of the people. Aitys always listened to the mighty of this world, because in the words of poets voiced all the news of the steppe. The author also evaluates the level of truth and improvisation as the main features of aitys.

А. Құрманбаева

«Дала уалаяты газеті» - экология мәселесі

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

УДК 070(091)

Аңдатпа. Кең байтақ Қазақстанның біраз аумақтары әскери полигондар және ғарыштық техника-ны сынау кезінде зақымданды. Бұрынғы Семей ядролық полигон аумағында ауыл шаруашылық жайылымдардың 2 миллион гектарға жуығы радиоактивті болып есептеледі. Арал және Семей өлкелері экологиялық апат аймағы деп танылды. Табиғи экологиялық жүйе бұзылғандығы, флора және фауналардың азып-тозуы, тұрғындардың денсаулығына маңызды зиян әкелгендігін айтады.

Экология. Сынақ. Қоғам.

Экология - әлемдік, күллі планетаны шарпып келе жатқан індет. Оның үлкен ошақтары Қазақстанда да жетерлік. Мысалы: Семей полигонының тастап кеткен, әлі талай жылдарға созылатын «індет көздері, 70-80 жылдың ішінде ұшан теңізді сарқытқан Арал апаты, әлі күнге дейін Ресей үкіметі, тірі жанды қырып-жоюға бағытталған қару-жарақтарды сынау алаңы -Нарын құмы. Бұларға Солтүстік көршілеріміз, бетон аландарынан көтерілгенде, Қызылорда ғана емес, Қарағанды, Ақтөбе облыстарын бір «қопандатып» қоятын, айғайлап жар салып отырған Байқоңыр кешенін қосыңыз.

Халық даналығы: «Ақылды адам қолайсыз жағдайдан әр уақытта құтылып шыға алады, ал дана адам мұндай жағдайға түспейді» - деген сөз бар. Өкінішке орай, адамзат даналығы жетпей, экология қиын дағдарысқа түсті. Ендігі амалымыз, бүкіл ақыл-ойымызды пайдаланып, осы

қиыншылықтардан кешігіп қалмай, шыға білуіміз керек.

Президентіміздің «Ұзақ мерзімді басым мақсаттар мен оларды іске асыру стратегиясы» санатына «барлық қазақстандықтардың өмір сүру жағдайларын, денсаулығын, экологиялық ортаны жақсарту проблемаларын қосқаны белгілі.

Ал кейбіреулердің ұйғарымынша, аталмыш мәселе таяу арада ғана көтеріліп отырғандай көрінер. Сонау 1892 жылдың өзінде «Дала уалаятының газеті» он бірдей санында «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» тақырыпты проблемалық очерк жариялаған.

«Экология» терминін жұрттар біліп жарыт-паса да сол очеркте аталмыш табиғатқа жанашырлық білдірген пікірлер кеңінен қозғал-ған.

«Шалдардың сөздерінің жарымына нанған мезгілде де, бұрынғы уақытта қыс мұндай емес, күн жақсы, жер-су мол, шөп көп, халық әділетті, қулық-сұмдық жоқ екен. Осы күнгі қазақтардың тұрған